

САБАҚ ЖОСПАРЫ

Пән	Әдебиет
Мұғалім	Бақтығалиева Эльмира Сағынғалиқызы
Мектеп, сыйнып	Астана қаласы, №77 мектеп- гимназия, 7-сынып
Сабақ тақырыбы	Иса Байзақов «Құралай сұлу» поэмасының тақырыбы мен идеясы



www.bilimland.kz

Мақсаты	И.Байзақовтың «Құралай сұлу» поэмасының тақырыбы мен идеясын ашу, композициялық құрылышына сатылай кешенді талдау, кейіпкер бейнесін аша отырып, бүгінгі өмірмен байланыстыру.	
Күтілетін нәтиже	Кейіпкерлер портретін анықтай алады, кейіпкерлердің іс-әрекетін сипаттайтыны, кейіпкерлердің рөліне енеді, поэмадан мысал келтіре отырып кейіпкер образын ашады, композициялық құрылышына сатылай кешенді талдау жасайды, поэмадан троп пен фигураладарды табады, кейіпкерді шынайы өмірмен салыстырады, кейіпкер бойындағы рухани құндылыштарды бағалайды.	
Әдісі	Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдері: топтық әңгіме. Білім беруде АКТ қолдану, оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау критерий негізінде бағалау; Білім берудегі басқару және көшбасшылық: топтық жұмыстар шенберінде, сыни түрғыдан ойлауды үйрету, талантты және дарынды балаларға білім беру, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқу. Н.А. Оразахынованың сатылай кешенді талдау технологиясы, Де Боненің «Ойлаудың алты қалпағы», «Әдеби үйірме стратегиясы», рөлдік ойын, интервью-тест.	
Дереккөздер, құрал-жабдықтар	Қазақ әдебиеті. 7-сынып. 	
	http://www.bilimland.kz/kk/content/lesson/15464- isa_bajzaqov_quralaj_sulu_poehmasy ресурсы, смайлік, асықтар, теңге, доллар, евро банкноттары, сандықша, термометр суреті, түрлі-түсті тілшепер, жапсырма қағаздар.	
Сабактың барысы:	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті
Kіріспе	1. Тұлғааралық байланысты орнату. Оқушыларды «Құралай сұлу» поэмасының кейіпкерлері бойынша төрт топқа бөлу.	1. Оқушылар топқа бөлінеді. 2. Оқушылар

<p>2. Алдыңғы сабақты қысқаша қайталау. «Хан талапай» ойыны арқылы «Білім биржасын» ойнату. Білім биржасындағы құнды қағаздар ойнатылады. Алдыңғы сабақта өткен тақырыпты еске түсіру, оқушылардың «Құралай сұлу» поэмасын қаншалықты менгергендігін сұрақтарға жауап алу мақсатында анықтау.</p> <p>Сұрақтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. «Құралай сұлу» поэмасының басты кейіпкерлері кім? 2. Монтай би қазақтың қай ханы тұсында өмір сүрген? Монтайдың ауылдың қай өңірді мекендейген? Есім ханның тұсында Орта жүзде Қыпшақтан шыққан ердің құнын екі-ак ауыз сөзбен шешкен Монтай деген би онтүстік Қамсақтының жағасында өмір сүрген. 3. Монтайдың ел-жүрті не себепті ас берді? 74 жасқа келген Монтайдың баласы жоқ. Тоқалынан туған Қайыргелді деген ұлы бір тойда диуананың тілі тиіп қайтыс болады. Сол кезде Монтайдың қаралы көңілін жұбату үшін елі ас берді. 4. Монтай Келден баймен не себепті кездескісі келді? Ауылдың бір жас жігіті Шу бойын мекендейген Келден деген бай өмір сүреді. Оның он сегіз ұлы болады. Өмірде еш арманы жоқ жан сол деп айтқан соң, оның сырын білгісі келді. 5. Поэмада Келден байдың қонысы қалай бейнеленген? Әппақ қардай жеті ақ орданың ортасында сегіз қанат сән-салтанатпен құрылған отауы ою-өрнектермен көмкерілген. 6. Келден қалмақтардың қолына қалай тұсті? 7. Келден қалмақтардан қандай қорлық көрді? Қалмақтардың Келденді қорлауының себебі неде? 8. Құралай сұлу не себепті Келденді тұтқыннан босатты? <p>Бағалау өлшемдері «Хан талапай» ойыны арқылы ойнатылған «Білім биржасының» қоры: 5000 теңге – 50 балл, 500 euro – 50 балл, 100 АҚШ доллары – 10 балл.</p>	<p>«Хан талапай» ойынын ойнау арқылы асыққа жазылған сандар бойынша сұрақтарға жауап береді. Білім биржасындағы құнды қағаздарды ұтып алады.</p>
--	--

Тұсауқесер	<p>http://www.bilimland.kz/kk/content/lesson/15464-isa_bajzaqov_quralaj_sulu_poehmasy ресурсы арқылы тапсырмаларды орындау.</p> <p>Бағалау өлшемдері Әрбір бір дұрыс жауап – 1 балл.</p>	Тақырыптық тест тапсырмаларын орындауды.
Негізгі бөлім	<p>1-топ. «Иса» тобы. Де Боненің «Ойлаудың алты қалпағы» әдісі бойынша топ мүшелері өздері қалаған қалпақты таңдалады. Қалпақтардың түсіне сәйкес «Құралай сұлу» поэмасын талқылайды.</p> <p>Ақ – фактілер, орташа обьективті ақпарат әңгіме бойынша. Оқушының поэма бойынша позитивті көзқарасы.</p> <p>Қара – сынни аналитик, логикалық негатив. Оқушының поэма бойынша өзінің сынни пікірін тыңдау.</p> <p>Қызыл – эмоциялар мен болжамдар. Поэма мазмұнын оқып отырғандағы оқушының алған әсері мен болжамы тыңдалады.</p> <p>Сары – шуақты оптимизм, логикалық позитив. Поэма мазмұны бойынша оқушының оптимистік пікірі.</p> <p>Жасыл - шығармашылық өсу. Поэма мазмұнын өзінше өзгертіп аяқтап жазу.</p> <p>Кек – керемет. Ұйымдастыруышылық шолу. Шешім. Топ мүшелерін бағалайды.</p> <p>Бағалау өлшемдері.</p> <p>Ақ қалпақ Поэмадағы нақты деректер толық айтылды – 5 балл. Поэмадағы нақты деректер толық айтылған жоқ – 3 балл. Поэмадағы нақты деректер жартылай ішінara айттылды – 2 балл.</p> <p>Қара қалпақ Поэмадағы жағымсыз оқиғаларды толық өз ойымен жеткізді – 5 балл. Поэмадағы жағымсыз оқиғаларды толық өз ойымен жеткізуде қиналды – 3 балл. Поэмадағы жағымсыз оқиғаларды толық жеткізе алмады – 2 балл. Поэманиң жазу тілінде көне сөздердің бар екенін айтты – 1 балл.</p> <p>Сары қалпақ Поэмадағы қызықты оқиғаларды толық өз ойымен</p>	<p>Оқушылар берілген тапсырмалар бойынша топта жұмыстанады.</p> <p>«Иса» тобы Де Боненің «Ойлаудың алты қалпағы» әдісі бойынша жұмыс істейді.</p> <p>«Монтай би» тобы поэмадаға әдеби-теориялық талдау жасайды.</p> <p>«Құралай тобы» «Әдеби үйірме» стратегиясы бойынша топ мүшелері өз рөлдерін бөліп алып, тақырыпты ашады.</p> <p>«Келден» тобы поэма кейіпкерлерінің рөлінде ойнайды. Рөлдік ойынға қатыспаған оқушы интервью-тестті орындауды.</p>

жеткізді – 5 балл.
Поэмадағы қызықты оқиғаларды өз ойымен жеткізуде қиналды – 3 балл.
Поэмадағы қызықты оқиғаларды толық жеткізе аламды – 2 балл.

Қызыл қалпақ

Поэманы оқығанда эмоциясы мен өзіндік болжамын еркін жеткізді – 5 балл.
Поэманы оқығанда эмоциясы мен өзіндік болжамын толық жеткізе алмады – 3 балл.
Поэманы оқығанда эмоциясын жеткізе алдыі, болжамын айта алмады – 2 балл.

Жасыл қалпақ

Поэма мазмұнын толық көркем стилімен жаңаша аяқтап жаза алды – 5 балл.
Поэманы жаңаша аяқтап жеткізе алмады – 3 балл.
Поэманы көркем сөз оралымдарымен жеткізе алмады – 2 балл.

Кек қалпақ

Ұйымдастырушылық шолу жасай білді, нақты бағасын берді – 5 балл.
Ұйымдастырушылық шолу жасай білді, нақты бағасын бере алмады - 3 балл.
Ұйымдастырушылық шолу жасай алмады, нақты бағасын берді – 2 балл.

2-топ. «Монтай би» тобы

Талдау – табыс кілті. Поэманың сюжеттік-композициялық құрылымына сатылай кешендей талдау технологиясы бойынша поэмаға әдеби-теориялық талдау жасау.

- 1. Авторы** – Иса Байзақов.
- 2. Тақырыбы** – елін, туған жерін қорғау жолындағы патриотизм.
- 3. Идеясы** – «Ақтабан шұбырынды» заманындағы қазақ халқының тұрмысы шынайы суреттелген, ел бірлігі, патриотизм идеясы көтерілген. Ананың балаға деген махаббаты және екі жас арасындағы сүйіспеншілік сезімі жырланады.
- 4. Эпикалық жанр түрі** – поэма.
- 5. Шығарманың композициялық құрылышы.**
 - 5.1. Оқиғаның басталуы** – Елге сыйлы Ойбас Қыпшақ Монтай би.
 - 5.2. Оқиғаның байланысуы** – Ас беру, Монтай бидің қайғыдан серпіліп өнегелі сөз айтуы.
 - 5.3. Оқиғаның дамуы** – Монтайдың Келден

баймен кездесуі.

5.4. Оқиғаның шиеленісі – Келден байдың жан баласына ашпаған сырын ашуы.

5.5 Оқиғаның шарықтау шегі – Қалмақтың Сейқын ханының қызы Құралаймен кездесуі.

5.6. Шешімі – Келден батырдың Құралайдан айрылуы.

6. Әдеби-теориялық ұғымдар: Троп пен фигура.

Тенеулер – құлышақтай, қардай, құмістей, хандай, сендей соғылысты, құстай үшып, баладай, өліктей, түйген жібек секілді түйме басы, аузындей, жамбыдай, қырандай, қойдай, қоян алған бүркіттей, құйындей.

Эпитет – көк найза, құндыз шаш, бота көзді, алтын анам.

Портрет. Монтай бидің портреті
Қабақты қараторы, ұзын бойлы,
Кірпікті, бурыл сақал, терең ойлы...
Бұрылып үлкен мұрын, ойлы түспен,
Халқына бір жағалап, қарап қойды.

Келден бай портреті

Кұмістей ақ сақалды, қартқа басқан,
Жас мәлшері сексеннен еркін асқан,
Жамылған торы тоны сүйретіліп,
Келден тұр үй сыртында қозғалмастан.
Сүйеніп таяғын шырқ айналып,
Алысқа жағалатып көзін салып.

Құралайдың портреті.

Көмшат бөрік шашақты және үкілі,
Төгілген қара мақпал, құндыз шашы
Кең мандалы, қыр мұрын, бота көзді
Екі бет уылжып тұр қаны тамып,
Ақ жүзінде өмірдің шамы жанып.
Білегі аппақ арай, ақ жамбыдай.
Үстінде қызыл торғын, женді шапан,
Шырмауыт жиегіне кесте салған.
Көк көйлеқ, омырауында алтын алқа.

Кейіптеу – 1. От шашып қызыл жібек мандалына,
Нұр төгіп көкжиектің мандалына,
Түсіріп шымылдығын бір заманда,
Күн сұлу кіріп кетті сарайына.

Фигуралар

Көркем сөздердегі дыбыс таңдау. Дыбыс қайталаушылық.

Аллитерация –

Қуантып етек тартар жоқ баласы.
Қайғысыз күн өткізер жоқ шарасы.

Тұрленіп (инверсия) өң мен түстің арасындағы,
Таң туып келе жатыр сан құбылып.

Ассонанс

Ер туса, елден тумақ, елді тіле,
Елсізден ер тумақ па, білмеймісің?
Ер туып, жоқ елді бар қыла алмайды,
Ел болса, ер туғызбай тұра алмайды.

Тәрбиелік мәні - ...

Бағалау өлшемдері...

**Поэмандың композициялық құрылымына
сатылай кешенді талдау.**

Поэмандың композициялық құрылымын толық
талдады – 5 балл.

Поэмандың композициялық құрылымын
шатыстыруды – 3 балл.

Поэмадан теңеу мен эпитетті, кейінтеуді толық
тапты – 5 балл.

Поэмадан теңеу мен эпитетті толық таба алмады,
кейінтеуді тапты – 4 балл.

Поэмадан аллитерация мен ассонансты, портретті
толық тапты – 5 балл.

Поэмандың тәрбиелік мәнін толық ашып айтты – 5
балл.

Поэмандың тәрбиелік мәнін толық ашып айта
алмады – 3 балл.

3-топ. «Әдеби үйірме» стратегиясы.

Баяндап беруші – оқушы өз көзқарасы
түрғысынан оқиға мазмұнын дайындауды,
баяндайды.

Зерттеуші – Келден мен Құралай сұлудың,
Монтай бидің мінезін немесе басты оқиғаны
сипаттайтын. Жаңа сезіздердің мәнін ашады.

Келден – Шу бойын мекендерген, он сегіз ұлы бар
бай. Жас кезінде Құралай сұлуға ғашық болған. 13
жасында қалмақтың жортушысын андимын деп
атқа қонған. Отбасында 3 ұл, 1 қыз болған. Келден
- ең кенжесі. Қалмақтарға қарсы шайқаста атына
оқ тиіп, тұтқынға түседі. 5 жыл тұтқында болып,
қорлық көреді. Қалмақтың құл-құтаны бетіне қүйе
жағып мазақ етеді. Қөшкенде нарға тендереп,
салбыратып тірі өліктей қор қылып сүйретеді.

Қалмақ ханы Сейқынға «Қалмаққа жау
болмаймын» деп ант бермегені үшін қараңғы
үңгірге қамалады. Тұтқыннан Құралай сұлу
босатып алады. Осы оқиғалардан Келденнің елі
үшін жанын қиятын ержүрек, Отанын сатпайтын
батыр деп айтуға болады.

Құралай сұлу – намысшыл, ана аманатын

орындауда басын қатерге тіккен, әкесі қалмақ болса да, анасы айтқан қазақтың дәстүрін берік ұстаған, басын қатерге тіккен қайсар қыз. Сүйген жарына адаптация, мәлдір махаббаттың иесі, анасының аманатының орындаған батыл қызы.

Поэмадағы көнерген сөздер.

Зырылдауық – малшылар мен бақташылар мал қайыру үшін ағаштан жасалған құрал.

Бақан – киіз үй тіккенде шаңырақ көтеруге, үзіктер мен тұндікті көтеріп жабуға пайдаланылатын үзын сұрық.

Қотан - мал түнегітін орын, қора.

Көген – қой, қозы-лақтарды мойындарынан тізбектеп, желі арқанға қатарлап байлайтын бір үшін ілмекті, бір үшін түйілген жіппер тізбегі.

Керме – үй жанындағы мама ағаштардың арасына керіп байланған арқан.

Тұырлық – киіз үй іргесінен уықтың орта беліне дейінгі жерді жауып тұратын киіз.

Бедеудің **сағағынан** оқ сарт етті – жылқының сағалдырық тұратын тамағының астыңғы жағы.

Тұлыш – мал мен аң терісінен тігілген сырт киім.

Күйе жагу – босқа күйдірді, қорлады.

Кебіс – мәсінің сыртынан киетін былғарыдан тігілген аяқкім.

Сұрақтар құрастыруышы – поэма мазмұны бойынша сұрақтар дайындаиды.

Сілтемелер табушы – поэма тақырыбын, руханилығын ашатын тұсын немесе белгілі афоризмдер мен мақал-мәтелдер табады.

Қасқырға сыртын тосқан болды қойдай. Жауына пенде болма. Жұртыйма көзін көрсе сәлем айт.

Өмір сүріп, өркендеп, үрпақ өсір.

Бейнелеуші-суретші – поэмадағы кейіпкерді немесе оқиғаны ауызша суреттейді.

Монтай би – қалың қабақты, қараторы, үзын бойлы, кірпігі үзын, бурыл сақалы бар, жасы 74 келген Қыпшақ руының Ойбасынан шыққан, Оңтүстік Қамсақтының жағасын мекендейген Есім ханының билік еткен тұсында өмір сүрген би шешен.

Келден бай – Шудың бойында мекендейген, 18 ұлы бар, жасы сексенге келген күмістей ақ сақалды, үстіне торғын тон киген, қолында таяғы бар қария. Жас кезінде қалмаққа қарсы соғыста елін қорғаған.

Құралай сұлу – кең маңдайлы, қыр мұрынды, бота көзді, мақпалдай құндыз шашты, ақ жүзді, білегі аппақ ақ жамбыдай үстіне қызыл торғын жеңі

бар шапан мен көк көйлек киген. Мойнына алтын алқа тақсан, аяғына қима тақалы қызыл кебіс киген қыз.

Дәнекер – негізгі идеялар мен оқиғаларды бүгінгі өмірмен байланыстырады.

Құралай сұлудың қалмақтың адамына пенде болмаймын деп Келденге сезім білдіруін, анасының жатқа пенде болма деген сезін санасына нық ұстауына қарап, бүгінгі таңда қазақ қыздарының шетел азаматтарына тұрмысқа шықпауға кеңес берер едім.

Бағалау өлшемдері.

Баяндал беруші мазмұнын өз көзқарасымен толық айтты – 5 балл.

Баяндаушы поэмандың композициялық құрылымын шатыстыруды – 3 балл.

Зерттеуші көне сөздің мәнін ашып, кейіпкердің мінезін ашты – 5 балл.

Зерттеуші көне сөздің мәнін аша алмады, кейіпкердің мінезін ашты – 4 балл.

Сұрақ құрастыруышы жоғары деңгейлі сұрақ құрастыруды – 5 балл.

Сұрақ құрастыруышы мәртебесі төмен сұрақ қойды – 4 балл.

Сілтеме табушы поэма тақырыбын аштын рухани афоризмдер мен мақалдарды толық тапты – 5 балл.

Сілтеме табушы поэма тақырыбын аштын рухани афоризмді толық таба алмады – 4 балл.

Бейнелуші суретші кейіпкер бейнесін аудиозша толық сипаттады – 5 балл.

Бейнелеуші суретші кейіпкер бейнесін толық сипаттай алмады – 4 балл.

Дәнекер бүгінгі күнмен байланыстыра білді білді – 5 балл.

Дәнекер бүгінгі күнмен толық байланыстыра алмады – 4 балл.

4-топ.

Рөлге енелік...

**Оқушылар поэмандың басты кейіпкерлері
Монтай би, Келден бай, Құралай сұлу рөліне
еніп рөлдік ойын ойнайды.**

Интервью-тестті орындайды. (Қосымша 1)

Бағалау өлшемдері.

«Рөлге енелік » стратегиясы

Монтай би рөлінде еркін ойнады, өз ойын жүйелі түрде жеткізді – 5 балл.

Монтай рөлінде еркін ойнады, өз ойын еркін

	<p>жеткізе алмады – 4 балл.</p> <p>Құралай сұлу рөлінде еркін ойнап, сұрақтарға толық жауап берді – 5 балл.</p> <p>Құралай сұлу рөлін еркін ойнай алмады, сұрақтарға толық жауап бере алмады – 4 балл.</p> <p>«Интервью-тест»</p> <p>Интервью-тестті толық, қазіргі өмірмен байланыстырып орындағы алмады, қазіргі өмірмен байланыстыра алмады – 3 балл.</p>	
Қорытынды	<p>Бекіту. Мәртебесі жоғары, мәртебесі төмен сұрақтар әдісі арқылы топ мүшелері бір-біріне сұрақ қояды, жауап береді.</p> <p>Үйге тапсырма. Кейіпкерге хат жазу.</p> <p>Бағалау. «Термометр» әдісі.</p> <p>«5» - 25-30 балл; «4» - 18-24 балл; «3» - 6-17 балл;</p>	<p>Рефлексия. Топ мүшелері түстер бойынша сабактан алған әсерін айтады.</p> <p>Қызыл түс – мен үшін қыын тапсырма...</p> <p>Жасыл түс – мен үшін жаңалық...</p> <p>Сары түс – сабакта ұнады...</p>